

Облыста жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі шаралар өткізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімиятының 2002 жылғы 28 қарашадағы N 106 қаулысы. Жамбыл облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 10 маусымда N 983 тіркелді. Қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007 жылғы 24 сәуірдегі № 4-1874 Хатымен

Еркерту. Қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007.04.24 № 4-1874 Хатымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы " Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" N 2347 қаулысын орындау, халықтың және мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық мәдениеті мен хабардарлығын жоғарылату мақсатында, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңын негізге ала отырып облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыс Әкімі жанындағы құқықтық насихат және жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі үйлестіру-әдістемелік кеңесі туралы ереже бекітілсін (қоса беріледі) . < * >

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Жамбыл облысы әкімиятының 2004 жылғы 30 қаңтардағы N 5 қаулысымен .

2. Облыс Әкімі аппараты жанынан мемлекеттік қызметкерлерге арналған құқықтық білім мектебі ашылсын.

3. Облыс Әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімі (Б.О. Керімбеков) облыстық әділет басқармасымен (Е.Е. Ыбраев) бірлесе отырып, тыңдаушылар контингентін белгілеп, сабақтардың оқыту-тақырыптық жоспарын әзірлесін.

4. Аудандар мен Тараз қаласының әкімдері осы қаулыда белгіленген тәртіппен жалпыға бірдей құқықтық оқу өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс Әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөліміне жүктелсін.

Облыс Әкімі

| | |
|------------|----------------|
| Облыс | әкімиятының |
| 2002 жылғы | 28 қарашадағы |
| "Облыста | жалпыға бірдей |
| құқықтық | оқу жөніндегі |

шаралар өткізу туралы" N 106
қаулысымен бекітілген

Облыс Әкімі жанындағы құқықтық насихат және жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі үйлестіру-әдістемелік кеңесінің ҚҰРАМЫ <*>

Ескерту. Кеңес құрамының күші жойылды - Жамбыл облысы әкімиятының 2004 жылғы 30 қаңтардағы N 5 қаулысымен .

Облыс әкімиятының
2002 жылғы 28 қарашадағы
"Облыста жалпыға бірдей
құқықтық оқу жөніндегі
шаралар өткізу туралы" N 106
қаулысымен бекітілген

**Облыс Әкімі жанындағы құқықтық насихат және жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі үйлестіру-әдістемелік кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

Облыс Әкімі жанындағы құқықтық насихат және жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі облыстық үйлестіру-әдістемелік кеңесі (бұдан әрі мәтін бойынша Кеңес) мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің құқықтық насихат жөніндегі жұмыстарын үйлестіруші орган болып табылады.
Кеңес облыс Әкімі жанында құрылады.

Кеңес қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы ережеге сәйкес реттеледі.

2. Кеңес қызметінің мақсаттары мен міндеттері

Кеңес қызметінің мақсаттары:
облыс Әкімі аппараты қызметкерлерінің, облыстық ұйымдар басшыларының және азаматтардың құқықтық білім деңгейін жоғарылату;
тұрғындардың құқықтық мәдениетін жоғарылату;
мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпорындардың,

ұйымдардың, мекемелердің құқықтық тәрбие жұмыстарын үйлестіру; еңбек қатынасында, шарт жасасу және ондағы міндеттемелерді орындауда қолданыстағы заңнамалардың дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелердің заң қызметі, кадрлар бөлімі қызметкерлерін құқықтық оқыту.

3. Кеңестің міндеттері

кәсіпорындардағы, ұйымдардағы, мекемелердегі құқықтық тәрбие жұмысы және құқықтық насихаттың жағдайын зерделеу және олардың нәтижесі бойынша тиісті ұсынымдар әзірлеу;

оң тәжірибелерді тарату, құқықтық тәрбие жұмысының әдістемелік құралдарын дайындау, кәсіби-құқықтық дайындық және құқықтық тәрбиенің жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

4. Кеңес қызметінің нысаны

Құқықтық білім "күндерін", "он күндігін", "айлығын", құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қатысуымен кездесулер өткізу, бұқаралық ақпарат құралдарында, оқу және еңбек ұжымдарында құқықтық тақырыпқа баяндама жасасу.

Құқықтық насихат және жалпыға бірдей құқықтық оқу мәселелеріне арналған ғылыми-практикалық конференциялар өткізу;

Жалпыға бірдей құқықтық оқу мен құқықтық тәрбие жұмысының ең үздік қойылымы мен ұйымдастырылуына конкурс әзірлеу және өткізу;

Құқықтық тәрбие жұмысын жетілдіру бойынша әдістемелік құралдар дайындау және шығару;

Жастар арасында құқықтық тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру және осы жұмысты үйлестіру.

5. Кеңес жұмысын ұйымдастыру

Кеңес құрамы облыс әкімиятының қаулысымен үш жылға бекітіледі. Кеңес төрағадан, төрағаның орынбасарынан, хатшыдан және мүшелерінен тұрады.

Кеңестің сандық құрамы облыс Әкімімен белгіленеді.

Кеңес отырысы қажетіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір реттен өткізіледі. Кеңес отырысына оның құрамының 3-тен 2-сі қатысса құқылы деп саналады.

Мәжіліс қорытындылары бойынша хаттама жасалады, онда қатысушылардың саны, күн тәртібі, мәжіліс барысы мен қабылданған шешімдер көрсетілді.

Кеңес осы ережемен белгіленген шектерде, өз жұмысына құқық қорғау,

ұйымдар, мекемелердің қызметкерлерін тартуға және оларға шешімдердің, жоспарлы іс шаралардың атқарылуы жөнінде тапсырмалар беруге құқылы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ